



Қазақстан тарихы

**Шығыс Дешті қыпшақтың
саяси бөлектенуі.**

Ақ Орда.



XV ғасырдың 50—70-жылдары Алтын Орда мемлекеті толықтай құлады да, оның иеліктері орнын да бірнеше жаңа түркі мемлекеттері:

1.Ноғай Ордасы

2.Қырым хандығы

3.Қазан хандығы

4.Астрахан хандығы

5.Сібір хандықтары құрылды.

Олар кейін Орыс мемлекетінің құрамына енді.



Қазақстан аумағында Алтын Орда
құлағаннан кейін бірнеше мемлекеттер

1.Ақ Орда

2.Моғолстан

3.Әбілқайыр хандығы

4.Ноғай ордасы

Бұл мемлекеттерде түркі халықтары:
қазақтар, өзбектер, қырғыздар, татарлар,
ноғайлар т.б. қалыптасты.

Қазақ хандығы құрылуының тарихи
алғышарты жасалды.

XIII ғасырдың ортасы – XV ғасырдың басында Шығыс Дешті Қыпшақ аумағында **Ақ Орда** мемлекеті өмір сүрді.

Ақ Орданың орталығы – **Сығанақ қаласы** болды. Мемлекетте түркі тілдес тайпалар және жорық барысында келген монғолдар да болды. Монғол тайпалары XIV ғасырға қарай толықтай түркіленді.



Саяси тарихы. Ақ Орданың саяси тарихын үш кезеңге бөлуге болады. **Бірінші кезең** Шығыс Дешті Қыпшақтың аумағын Алтын Орда билігінен босату жолындағы ұзаққа созылған күреспен сипатталды. XIV ғасырдың ортасында Ерзен мен Мүбәрак қожа хандар Алтын Ордаға тәуелділікті түпкілікті түрде жойды.




Екінші кезең – бұл Ақ Орданың күшейген кезеңі. XIV ғасырдың 60–70-жылдары билік құрған Ұрұс хан тұсында Ақ Орда айтарлықтай нығайып, бүкіл Алтын Орданы біріктіруші ұлыс ретінде көрінді.



Мемлекет тарихының **үшінші** – соңғы кезеңі
Мауараннахрдың билеушісі Әмір Темір басқыншылығына
қарсы күрес кезеңі. Осы күрестегі барша ауыртпалық Ақ
Орда билеушісі Ұрұс ханға түсті.
XIV ғасырдың соңы – XV ғасырдың басында Ақ Орда
Әмір Темір әскерінің бірнеше жойқын шапқыншылығына
ұшырады.



Мемлекеттің құлауы. XIV ғасырдың 70–80-жылдары Әмір Темірдің Ақ Орда мен Моғолстан аумағына жасаған ондаған жорықтары нәтижесінде мемлекет әлсіреді. Тұрғындар аяусыз қырылды немесе тұтқынға түсті. Көшпелілер үшін маңызы зор Оңтүстік Қазақстан аумағы, оның қалалары: Сығанақ, Отырар, Сауран, Ясы, Сайрам күйреді.





XIV ғасырдың соңы – XV ғасырдың басында Әмір Темірдің басқыншылық соғыстары мен ішкі қырқыстар нәтижесінде Ақ Орда айтарлықтай әлсіреді. 1423– 1428 жылдары **Ұрұс ханның немересі Барақ** Ақ Ордадағы билікті біраз уақыт нығайтты. 1425 жылы Барақ Әмір Темірдің немересі Ұлықбекке қарсы жорыққа шығып, Сығанақ қаласымен бірге Сырдарияның орта ағысы бөлігін қайтарып алды. Бірақ 1428 жылы Барақ қайтыс болып, Ақ Орда аумағындағы билік Шайбани ұрпағы Әбілқайырдың қолына өтті. Ұрұс хан мен Барақтың ұрпақтары өз биліктерін өздері мұрагерлік еткен жерлерде ғана – Қазақстанның оңтүстік аймақтарында сақтап қалды. Әмір Темірдің Ақ Орда мен Моғолстанға басқыншылық саясаты қазақ тайпаларының бірігуі мен мемлекеттік дамуын тежеді.